

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1507 Қаулысы
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 1 5 0 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспар

Ескерту. Стратегиялық жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.12.2011 № 1617 Қаулысымен.

Мазмұны

- 1-бөлім. Миссия және пайымдау
- 2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау және қызметтің тиісті салаларының (аяларының) да му ү р д і с т е р і
- 3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар мен нәтиже көрсеткіштері
- 4-бөлім. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту
- 5-бөлім. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл
- 6-бөлім. Қатерлерді басқару
- 7-бөлім. Бюджеттік бағдарламалар

1-бөлім. Миссия және пайымдау

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 444 қаулысымен.

Миссия

Еңбек құқықтарын қорғау, жұмыспен нәтижелі қамтуға және халықтың әл-ауқатының артуына жәрдемдесу.

Пайымдау

Өмір сүру деңгейі мен сапасын лайықты жұмыспен қамтудың қолжетімділігін кеңейту, әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін арттыру, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту және оңтайландыру негізінде арттыру.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) мақсаты, міндеттері және қызметінің бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдаулары (2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан – дамуға", 2010 жылғы 29 қаңтардағы "Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері", 2011 жылғы 28 қаңтардағы "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз"), Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 – 2015 жылдары экономиканың 7 % өсімін қамтамасыз ету жөніндегі жоспары негізінде а й қ ы н д а л д ы .

Осыларға сәйкес әлеуметтік-еңбек саласын басқару тұрақты экономикалық дамуға жәрдемдесуге, әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әлеуметтік кепілдіктер жүйесінің тиімді қызмет етуіне және адам капиталын дамытуға бағытталған.

Осыған орай, Министрліктің алдағы уақыттағы жұмысының негізгі бағыттары м ы н а л а р б о л а д ы :

- 1) еңбек ресурстарының өсуіне жәрдемдесу;
- 2) жұмыспен нәтижелі қамтуға жәрдемдесу;
- 3) халықтың көші-қоны саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 4) азаматтардың еңбек құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 5) халықтың әл-ауқатының артуына жәрдемдесу;
- 6) халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қолдаудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау және қызметтің тиісті салаларының (аяларының) даму үрдістері

1-стратегиялық бағыт. Еңбек ресурстарының өсуіне жәрдемдесу

Ескерту. 1-стратегиялық бағытқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 № 1813 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі), 30.04.2013 № 444 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында көзделген индустриялық-инновациялық экономика үшін қажетті "экономиканың сапалы дамуы... адам ресурстарын дамытуға... негізделетін болады".

Бұл проблеманы шешу демографиялық ахуалдың жақсаруына және халық санының тұрақты өсуін қамтамасыз етуге байланысты. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында көзделген халық санының 10 % өсіміне қол жеткізу үшін туудың одан әрі өсуін, өмір сүрудің жалпы ұзақтығын арттыруды және көші-қонның оң сальдосын қамтамасыз ету қажет.

Осы проблемалардың шешімі әр түрлі ведомстволық бағыныстағы Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіруді және өзара іс-қимылын ұйымдастыруды қажет етеді.

Демографиялық процесті басқару жүйесіндегі буындардың бірі ретінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туудың өсуіне, балалы отбасылардың жағдайының жақсаруына қолайлы жағдай жасауға жәрдемдесуге а р н а л ғ а н .

Министрліктің туудың өсуіне жәрдемдесу жөніндегі қызметінің негізгі бағыттары оның қазіргі жағдайын ескере отырып айқындалған.

Реттелетін қызмет саласының негізгі даму параметрлері

Өткен кезеңде халық санының өскені байқалады: 2011 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша 16,4 млн. адам болды, бұл 1999 жылғы деңгейден 1,5 млн. адамға көп.

Халық санының артуы, негізінен туудың өсуі есебінен қамтамасыз етілді. Соңғы бес жыл ішінде туылған балалардың орташа жылдық саны 330 мыңнан асты; туу коэффициенті 2008 – 2010 жылдары (орта есеппен 22,58) 1990 жылғы деңгейден артты.


Бұдан басқа, 2008 жылдан бастап жұмыс істейтін әйелдер үшін жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айрылған жағдайға міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілген. Аталған тәуекел басталған кезде, жұмыс істейтін әйел жүктілігі және босануы бойынша демалысының барлық айлары үшін 100 % мөлшерінде әлеуметтік төлем алады. Қазақстанда төлемдерді қаржыландыру көзі болып Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры белгіленді.

Халықаралық тәжірибеде осыған ұқсас төлемдер басқа елдерде де жүзеге асырылады. Бұл ретте қаржыландыру көздері әр түрлі болуы мүмкін, егер Ресейде Қазақстандағыға ұқсас Әлеуметтік сақтандыру қоры болса, мысалы Ұлыбританияда бұлар – Үкімет пен жұмыс беруші, Германияда – Медициналық сақтандыру қоры мен жұмыс беруші.

1-сурет

Бала туу серпіні

(жалпы туу коэффициенті, 1000 адамға шаққанда)



Халықтың жас құрылымы оң тұрғыдан өзгерді. 2010 жылы:

1) еңбек етуге қабілетті азаматтардың үлесі 49,6 %-дан (2003 ж.) 52,5 %-ға дейін артты;

2) 18 жасқа дейінгі балалардың үлесі үштен бір бөлікке жақындады.

Демографиялық ахуалды жақсартуға балалы отбасыларды әлеуметтік қорғау жүйесі айтарлықтай ықпал етті. 2003 жылдан бастап халықаралық тәжірибеде (АҚШ, ЕО елдері, Ресей, Беларусь және т.б.) кеңінен таралған мынадай қолдау түрлері кезең-кезеңмен енгізілді:

1) отбасыларға табысына қарамастан 30 АЕК (бірінші, екінші және үшінші баланың туылуына) бастап 50 АЕК (төртінші және одан кейінгі балалардың туылуына) дейінгі мөлшерде РБ-тен төленетін баланың туылуына байланысты біржолғы әлеуметтік жәрдемақылар;

2) бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жәрдемақы. Жұмыс істемейтін аналарға ол табысына қарамастан РБ-тен 5,5 АЕК-тен 8,5 АЕК-ке дейінгі (отбасында туылған және тәрбиеленіп жатқан балалардың санына байланысты) мөлшерде төленеді. Әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы - жұмыс істейтін аналар (немесе отбасы мүшелері) – соңғы 24 айдағы орташа жалақысының 40 % мөлшерінде "МӘСК" АҚ-дан әлеуметтік төлемдер алады;

3) мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға арналған ең төмен жалақы мөлшеріндегі жәрдемақы (2010 жылдан бастап енгізілді);

4) табысы азық-түлік себетінің құнынан аз күнкөрісі төмен отбасыларға ЖБ-тен 1 АЕК мөлшерінде тағайындалып, төленетін 18 жасқа дейінгі балаларға арналған

ж ә р д е м а қ ы .

2010 жылдан бастап көп балалы аналарды "Алтын алқа" және "Күміс алқа" белгілерімен марапаттау шарттары өзгертілді және оларға төленетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері арттырылды (39 АЕК-тен АЕК-ке дейін).

Ана мен баланы қорғаудың жаңа жүйесі қызмет еткен кезеңде:

1) баланың тууына байланысты жәрдемақы алатын отбасылардың саны 157,5 мыңнан (2003 жылы) 329,2 мыңға дейін (2 еседен астам) артты;

2) төрт және одан көп баласы бар отбасылардың салыстырмалы үлесі 2003 жылғы 7 %-дан 2010 жылы 13 % артты.

Негізгі проблемаларды талдау

Алайда соңғы жылдары байқалған оң өзгерістердің аясында демографиялық салада жекелеген проблемалар да кездеседі.

1. Халық тығыздығының салыстырмалы түрде төмендігі (бір шаршы километрге 5,7 адам) өңірлік даму мүмкіндіктерін шектейді және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа әсер ететін факторлардың бірі болып табылады.

2. Халықтың қартаю үрдісінің дамуы. Болашақта (2020 жылға дейін) соғыстан кейінгі кезеңде туған адамдардың есебінен (бала туудың "қарқынды" кезеңінде) еңбекке жарамды жастан асқан адамдар үлесінің артуы болжанып отыр. Халықтың қартаю үрдісі кейінгі жылдары да сақталатын болады. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің есебі бойынша 2030 жылға қарай қарт адамдардың үлесі 11,1 – 11,3%, 2050 жылға қарай – 14,7 -15% дейін артады.

Халықтың қартаюы экономиканың өсуіне, жинақтар мен инвестицияларға, жұмыс күшінің ұсыныстары мен жұмыспен қамтуға, зейнетақымен қамсыздандыру бағдарламаларына, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсетуге, салық салуға, отбасының құрамына және тұрмыс тәртібіне әртүрлі әсер ететін болады.

3. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 444 қаулысымен.**

4. Ұлттық еңбек нарығындағы еңбек ресурстарының тапшылығы.

5. 18 жасқа дейінгі балаларды әлеуметтік қолдау жүйесімен қамту айтарлықтай төмен болып қалып отыр (балалардың жалпы санының 15%). Балалар мен отбасыларға арналған жәрдемақылардың мөлшері салыстырмалы түрде көп емес, бұл балалардың дамуына бастапқы тең мүмкіндік беруге кедергі келтіреді.

6. Өндірістік жаракаттанудың салыстырмалы түрде жоғары деңгейі сақталып отыр.

Реттелетін қызмет саласының негізгі сыртқы және ішкі даму факторларын бағалау

Осылайша, қалыптасқан жағдайда еңбек ресурстарының өсуін қамтамасыз ету үшін балалы отбасыларды мемлекеттік қолдауды күшейтуге бағытталған шараларды іске асыру жалғастырылатын болады.

Мыналар жоспарланған:

1) баланың тууына, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша

жәрдемақылардың және көп балалы аналарға арналған арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың (индексация) мөлшерін арттыру;
2) әлеуметтік төлемдерді оңтайландыру есебінен күнкөрісі төмен отбасылардағы 18 жасқа толмаған балаларға арналған жәрдемақының мөлшерін арттыру;
3) шартты әлеуметтік төлемдерді енгізу және отбасылардың әлеуметтік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу;
4) қиын өмірлік жағдайда жүрген отбасылар мен балаларды жеке әлеуметтік қолдау және қызмет көрсету жүйесін дамыту.

2-стратегиялық бағыт. Жұмыспен нәтижелі қамтуға жәрдемдесу

Ескерту. 2-стратегиялық бағытқа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 № 1813 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі), 30.04.2013 № 444; 22.10.2013 N 1134 қаулыларымен.

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуға көшу және экономикадағы құрылымдық өзгерістер еңбек нарығында да тиісті өзгерістерді көздейді.

Осыған орай экономиканың еңбек ресурстарына деген қажеттілігін қамтамасыз ету, еңбек нарығында ұсыныс пен сұраныстың теңгерімділігіне ықпал ету үшін Министрлік орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, жалпы жұмыссыздық деңгейін 2015 жылға қарай 5,5 % дейін төмендетуді, еңбек қатынастарын заңдастыру және жұмыспен тиімді қамтудың үлес салмағын арттыру, жұмыс күшінің кәсіптік және аумақтық ұтқырлығын арттыруды көздейтін Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Жоспарланып отырған жұмыспен қамту саласындағы әлеуметтік қатерлерді басқару жүйесін дамыту қазіргі уақытта осы салада қалыптасқан жағдайдың, проблемалары мен үрдістерінің көрінісі болып табылады.

Саланы дамытудың негізгі параметрлері

Еңбек нарығы және жұмыспен қамту


Есепті кезеңде жұмыссыздық деңгейі мен құрылымы елде әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың әсерімен және экономиканы тұрақтандыру кезеңінде қалыптасқан экономикалық жағдайға тікелей тәуелді болды.

Экономикалық өсу қарқынының бәсеңдеуі (2008 – 2009 жж.), жекелеген кәсіпорындарда өндірістің жабылуы және/немесе тоқтатылуы еңбек нарығындағы сұраныстың азаюына және жұмыспен қамтылу деңгейінің уақытша төмендеуіне, жасырын жұмыссыздықтың пайда болуына және заңсыз жұмыспен қамтудың көбеюіне алып келді. Осындай жағдайда жұмыссыздық деңгейінің өсуінің алдын алуға және өңірлік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі арнайы дағдарысқа қарсы шараларды әзірлеп, жүзеге асырды (Жол картасы).

Жол картасы аясында соңғы екі жылда жөндеу жұмыстарында 390,2 мың жаңа жұмыс орны құрылды, 148,7 мың жұмыссыз кейіннен жұмысқа орналастырумен даярлауға және қайта даярлауға жіберілді. Халықтың нысаналы топтарының 108,1 мың өкілі әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылды, жастар практикасы шеңберінде шамамен 90 мың түлек уақытша жұмыспен қамтамасыз етілді. 202,3 мың адам қоғамдық жұмысқа тартылды.

Қабылданған шаралар жұмыссыздық деңгейінің одан әрі төмендеуіне әкелді. 2010 жылы ол 5,8 %-ды, ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда – 5,5 %-ды құрады (ТМД елдері арасында Қазақстан жұмыссыздық деңгейі бойынша Ресейді – 7,5 %, Қырғызстанды – 8,5 %, Арменияны – 7 %, Украинаны – 8% артқа тастап, төртінші орын алады).

Еңбек нарығының серпіні



Жұмыспен қамтудың өсуінің жаңа мүмкіндіктері үдемелі индустриялық-инновациялық дамуға көшуге жол ашады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны (ҮИИДМБ) іске асыру 161 мың тұрақты және 207 мың уақытша жаңа жұмыс орындарын ашуды болжайды, алайда оларды толтыру үшін еңбек ресурстарының тиісті сапасы қажет.

Осыған орай, еңбек ресурстарын дамытуды, олардың өз бетінше жұмыспен айналысатын, жұмыссыз және табысы аз халықтың кәсіптік және аумақтық ұтқырлығын арттыруды, жұмыспен нәтижелі қамтуды көздейтін жаңа Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы әзірленді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысымен 2009 және 2010

жылдардағы жол карталарын және Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асырудың логикалық жалғасы болып табылатын Жұмыспен қамту 2020 жол картасы б е к і т і л д і .

Жаңадан қабылданған бағдарлама дағдарысқа қарсы ден қою, еңбек нарығын реттеудің тиімділігін арттыру, оның ішінде еңбек нарығын болжау және мониторингілеу, табысы аз, жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тарту тетіктерін қамтиды.

Негізгі проблемаларды талдау

Сонымен қатар ұлттық еңбек нарығының дамуында бірқатар проблемалар мен қ и ы н ш ы л ы қ т а р да к е з д е с е д і .

1) Ұлттық еңбек нарығы теңгерімді емес. Жұмыссыздық сақталып отыр, әсіресе әйелдер арасында оның деңгейі жоғары. Жасырын нысандағы жұмыссыздық етек жаюда. Жұмыссыздыққа қарамастан, кәсіпорындар мен ұйымдарда бос жұмыс орындары сақталған. Жаппай жұмысшы кәсіптері қызметкерлеріне, сондай-ақ жоғары білікті қызметкерлерге сұраныс қанағаттандырылмайды.

2) Экономикалық белсенді халықтың айтарлықтай бөлігінің экономиканың бейресми секторында жұмыспен қамтылуы жалғасып келеді, олар әлеуметтік қорғаумен қамтылмаған. Жұмыс істейтін халықтың 33 % астамы өз бетінше жұмыспен айналысатын адамдар, олардың жартысына жуығы (1,3 млн. астам адам) жеке шаруашылығында жұмыс істейді.

Өз бетінше жұмыспен айналысатын адамдардың үлесін елдер бойынша талдау: АҚШ-та, Канадада, Норвегияда, Данияда, Швецияда, Францияда –10 %-ға төмендеу ;

Австралияда, Германияда, Бельгияда, Ұлыбританияда – 10 %-дан 15%-ға дейін;
Испанияда, Португалияда, Италияда – 15 %-дан 25%-ға дейін;
Мексикада, Грецияда, Түркияда – 25 %-дан астам.

3) Жұмыспен тиімсіз қамтудың үлес салмағы жоғары – жалдамалы қызметкерлердің шамамен үштен бірі экономиканың көп еңбекті қажет ететін салаларында жұмыс і с т е й д і .

4) Жұмыс ресурстарының сапасы инновациялық экономиканың қажеттіліктеріне жауап бермейді (жұмыспен қамтылған адамдардың шамамен үштен бірінің кәсіптік білімі жоқ).

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Жұмыспен қамту саласын басқару тетіктерін жетілдіру жақын келешекте еңбек нарығы мен жұмыспен қамтуға белгілі бір сыртқы және ішкі жағдайлардың әсері ескеріліп жүргізілетін болады.

Айталық, жұмыспен нәтижелі қамтуға жәрдемдесуде негізгі салмақ уақытша жұмыс орындарын құруға (Жол картасы шеңберінде), жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуға түседі. Ол үшін Жұмыспен қамту 2020 шеңберінде еңбек және халықты

жұмыспен қамту туралы заңнаманы жетілдіру және үйлестіру, еңбек нарығы мен жұмыспен қамтуға мониторингті жақсарту және оны болжау сапасын арттыру, еңбек ресурстарының теңгерімділігін әзірлеу және пайдалануға көшу қажет болады. Халық пен жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне бағытталған ақпараттық-консультациялық қызметтер желісін жаңарту көзделеді.

Мүдделі мемлекеттік органдармен біресе отырып, ұлттық біліктілік шеңбері негізінде кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау, еңбек ресурстарының кәсіптік және аумақтық ұтқырлығын күшейту бойынша пәрменді шаралар қабылданатын болады. Еңбек қатынастарын заңдастыру; еңбек әлеуетін жандандыру және өз бетінше жұмыспен айналысатын адамдардың еңбек өнімділігін арттыру қосымша шараларды талап етеді.

Экономиканың тұрақты дамуы, жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамту халықтың әл-ауқатын арттырудың берік негізін құрайды.

2.1. Халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру

Ескерту. Стратегиялық жоспар 2-1-стратегиялық бағытпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 444 қаулысымен.

Халықаралық көші-қон ұйымының бағалауы бойынша Қазақстан көші-қон процестері ерекше күшті байқалатын елдердің қатарына жатады. Қазақстанда көші-қон процестерінің ауқымы, олардың Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсері өсетін болады.

Халық саны және атап айтқанда, көші-қонның әлеуметтік-экономикалық проблемалары барлық жоғары дамыған мемлекеттердің негізгі мәселелерінің қатарында тұр. Қазіргі кезеңде АҚШ, Канада, Австралия сияқты елдері мен бірқатар Еуропа мемлекеттері келіп жатқан шетел азаматтарына қатысты ерекше селективті көші-қон саясатын жүргізеді. Сонымен қатар, бірқатар елдер, бірінші кезекте, Германия, Израиль және Польша ұлттық ұқсастықтары мен өз мемлекеттерінің ерекшелігін сақтау мақсатында өзгеше этно-тарихи көші-қон саясатын жүргізеді.

Саланы дамытудың негізгі өлшемдері

Қазіргі кезде республикада көші-қон жағдайы былайша сипатталады:

1) ішкі интенсивті көші-қон. Қазақстанда соңғы жылдар ішінде өңіраралық көші-қон және көші-қон ағындары бағыттарының жоғары көрсеткіштері сақталуда. 2006 жылдан бастап 2011 жылға дейін өңіраралық көші-қон процестеріне 1,5 млн. астам адам тартылды. Халықты ауылдық елді мекендерден өмір сүру деңгейі неғұрлым жоғары және инфрақұрылымы дамыған өңірлерге, экологиялық қолайсыз өңірлерден экологиялық ортасы жақсы өңірлерге көшіру оның құрамдас бөлігі болып табылады.

2012 жылдың статистикалық мәліметтері республика ішінде мына облыстарда

халықтың неғұрлым көп көші-қон ағынын көрсетеді: Оңтүстік Қазақстан облысында көші-қон сальдосы 11103 адамға, Жамбыл (- 7573), Шығыс Қазақстан (- 5186), Солтүстік Қазақстан (- 3041 адам), Қызылорда (- 1728 адам) азайған. Астана (19529 адам), Алматы қалалары (9963), Алматы облысы (5477 адам) және Маңғыстау облысы (2516 адам) халықтың келу ағынының негізгі өңірлері болып табылады. Ішкі көші-қонның негізгі бөлігі - еңбекке қабілетті жастағы халық (81,8 % 16 жастан 62 (57) ж а с қ а д е й і н) ;

2) шетелдік жұмыс күші санының азаюы. Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі 2012 жылы 90 мың бірлік немесе республиканың экономикалық белсенді халқына 1 % мөлшерде шетелдік жұмыс күшін тартуға квота б е л г і л е д і .

2012 жылы квота шеңберінде 2792 жұмыс беруші 22 мың шетелдік жұмыс күшін тартты, бұл жалдамалы қызметкерлер (389 мың) санының 5,4 % құрайды.

Шетелдік жұмыс күшінің анағұрлым көп саны құрылыс және тау-кен өндіру ж ұ м ы с т а р ы н а т а р т ы л д ы .

Қытай (19,5 %) және Түркия (11,5 %) еңбек көші-қоны келетін негізгі елдер болып қ а л ы п о т ы р .

Шетелдік жұмыс күшін тартатын жұмыс берушілер шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берілген кезде жүктелген ерекше шарттарды орындау шеңберінде қазақстандық азаматтар үшін 29855 қосымша жұмыс орнын ашты, 5079 адамды қайтадан оқытты, 21773 қызметкердің біліктілігін арттырды және 13184 қазақстандық қызметкерді к ә с і п т і к д а я р л ы қ т а н ө т к і з д і .

Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық қызметкерлермен ауыстыру саясаты жүргізіледі. 2012 жылы 1904 шетел маманы қазақстандық кадрмен ауыстырылды.

Соңғы жылдары қолданылған шаралардың нәтижесінде жұмысқа тартылған шетелдік қызметкерлердің үлесі 54204 адамнан (2008 жыл) 2012 жылы 22041 адамға дейін төмендеді, бұл ретте жоғары білікті қызметкерлердің үлесі 82 % дейін артты;

3) жыл сайын келетін этникалық қазақтардың тұрақты өсу қарқыны. Тәуелсіздік жылдары 240 мыңнан астам отбасы немесе 910 мыңнан астам этникалық қазақ тарихи отанына келді. 2012 жылы 15109 отбасы немесе 39401 мың этникалық қазақ келді.

Елдер бөлінісінде республикаға келген этникалық қазақтардың үлесі мынадай: Өзбекстан – 60 %; Монғолия – 14 %; Қытай – 10 %; Түркіменстан – 8%; Ресей – 4 %.

Негізгі проблемаларды талдау

Көші-қон процестерінде бірқатар проблемалар бар, оларды шешу үшін көші-қон саясатын басқаруды күшейту қажет болады.

1. Халықтың көші-қонының өсуін төмендету: көші-қон сальдосы 2006 жылғы (+ 33041) көрсеткішке қарағанда 2012 жылы (-1381) құрады.

2. Ішкі көші-қон процестерінің стихиялық дамуы, ауылдық өңірлерден қалаларға көшу облысаралық аумақтық орналасудың басым нысаны болып қалып отыр.

3. Еліміздің аумақтары бойынша көшіп-қонушыларды бір қалыпты орналастырмау, этникалық қазақтардың тарихи отанына баяу кірігуі салдарынан шиеленістің артуы.

4. Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде жұмыс күшінің еркін қозғалысы, Қазақстанның жақын болашақта Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруін ескере отырып, ішкі еңбек нарығына қысым жасау.

5. Заңсыз көші-қон, көші-қон әлеуеті шиеленіскен елдерден көшіп келудің ұлғаюы. Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау.

Еліміздің қауіпсіздігін нығайтуды қамтамасыз ететін көші-қон процестерін басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында көші-қон ағынын реттеудің кешенді жүйесін құру, көшіп кету пиғылын төмендету жөнінде шаралар өткізу, этникалық қазақтардың отанға оралуы саясатын одан әрі іске асыру және Қазақстанның бұрынғы азаматтарының қайта оралуын ынталандыру, көші-қон саласындағы бақылауды күшейту және алдын алу шараларын қолдану қажет.

Мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- 1) көші-қон процестерінің теріс салдарының алдын алу, болдырмау және азайту;
- 2) көшіп-қонушылардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау;
- 3) жоғары білікті жұмыс күшін тарту тәртібін жеңілдету арқылы жоғары инновациялық әлеуеті бар шетел мамандарының келуін ынталандыру және тартылатын шетелдік жұмыс күшінің сапалық құрамын реттеу;
- 4) шетелде тұратын этникалық қазақтардың оралуын ынталандыру;
- 5) көшіп-қонушылардың жылдам бейімделуі мен кірігуіне жәрдемдесу және көмектесу ;
- 6) «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көшіп-қонушыларды орналастыруды оңтайландыру және ынталандыру;
- 7) мигрантофобияның туындауының алдын алу және жою бойынша ақпараттық-үгіттеу жұмыстарын дамыту, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын т а р т у ;
- 8) көші-қон мәселелерін шешу бөлігінде шет мемлекеттердің көші-қон қызметтерімен, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 9) оралмандардың, босқындардың, еңбекші көшіп-қонушылардың проблемаларын шешу саласында екіжақты және көпжақты халықаралық шарттар жасасуға б а с т а м а ш ы л ы қ е т у ;
- 10) көші-қон саласындағы ұлттық заңнаманы ТМД елдерімен, Бірыңғай экономикалық кеңістікпен үйлестіру және жүйелендіру.

3-стратегиялық бағыт. Азаматтардың еңбек құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету

Ескерту. 3-стратегиялық бағытқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 № 1813 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

Лайықты еңбекке қолжетімділікті кеңейту мақсатында Министрлік орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып:

- 1) еңбек қатынастарының заманауи стандарттарын енгізуді;
- 2) әлеуметтік әріптестік институтын дамытуды;
- 3) азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

Саланы дамытудың негізгі параметрлері

Еңбек саласын басқаруда:

1) заманауи еңбек стандарттарын енгізу жалғастырылды. Ең алдымен өндіріс жағдайлары зиянды және ерекше зиянды салаларда ("Кәсіптік еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау менеджменті жүйесі. Талаптар" (ҚР СТ 1348-2005); ХЕҮ-ЕҚБЖ 2001 ILO-OSH 2001 халықаралық стандарты, OHSAS 18001: 1999 "Occupational Health and Safety Assessment Series. Requirements (MOD)");

2) өндірістегі жарақаттану деңгейін азайту шаралары қабылданды: кәсіпорындарды аттестаттау (2009 жылы еңбек жағдайлары бойынша шамамен 3 мың өндірістік нысан аттестатталды); еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандырумен қамтуды кеңейту; тәуекелді бағалау жүйесін (бұдан әрі – ТБЖ) енгізу.

3) келіссөздер процесінің рөлі арттырылды (қазіргі уақытта қолданыстағы ұжымдық шарттардың саны 50 мыңнан асты); бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру ынталандырылды ("2010 – 2012 жылдарға арналған лайықты еңбек" бағдарламасын іске асыру, "Ұжымдық шарт жасаңыздар" республикалық акциясы, Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсы).

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Кәсіподақтары Федерациясымен және "Атамекен" одағы" ҰЭП бірлесе отырып, жұмыс орындарын сақтау және қызметкерлердің жаппай босатылуының алдын алу жөнінде ірі компаниялармен меморандум жасау бастамасын көтерді. 2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша 42,3 млрд. теңгеден астам сомаға 7,9 мыңнан астам меморандум жасалды; өндірістік процестерді тұрақтандыру, әлеуметтік қорғау, еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде өзара ынтымақтастық туралы 8,4 мың Меморандумға қол қойылды, олар 950 мыңнан астам қызметкерді қамтыды.

Негізгі проблемаларды талдау

Сонымен қатар, еңбек қатынастарын дамытуда белгілі бір проблемалар мен қиындықтар кездеседі. Еңбек заңнамасының бұзылуы сақталып отыр. Биылғы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалақы бойынша жалпы берешек 3234,2 млн. теңгені құрады.

Өндірістік жарақаттану деңгейі жоғары күйінде сақталып тұр.

2010 жылдың қорытындысы бойынша өндірісте 2162 адам зардап шекті, бұл 2009 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,3% көп (2009 жылы – 2102 адам). Соңы өліммен аяқталатын өндірістік жарақаттану деңгейі 4,9% өсіп, қаза тапқан адамдардың саны 363 құрады (2009 жылы – 346 адам).

Қазақстан Республикасында соңғы жылдарда 1000 қызметкерге шаққанда адам өлімімен аяқталған жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті шамамен 0,09 құрайды, ол Ресей Федерациясындағы (0,124) ұқсас көрсеткіштерден төмен, сонымен бірге Еуроодақтың Дания (0,03), Швеция (0,03), немесе Норвегия (0,06) сияқты елдердегі тиісті көрсеткіштен көп екенін көрсетеді.

Ішкі және сыртқы негізгі факторларды бағалау

Еңбек қатынастарын дамытуды басқару алдағы уақытта Еңбек кодексінің нормаларына сәйкес еңбек қатынастарының негізгі субъектілері мүдделерінің теңгерімділігін сақтау және олардың конституциялық құқықтарын іске асыру мүддесіне орай жүзеге асырылатын болады. Әлеуметтік диалогтың рөлін одан әрі арттыру және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін өсіру болжануда.

Мемлекеттік еңбек инспекциясының жұмысы бизнес үшін кедергілерді азайту жағдайында жүзеге асырылатын болады. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына сәйкес ТБЖ-да құқық бұзушылықтардың, өндірістегі жазатайым оқиғалар қаупінің алдын алуға, орын алған заң бұзушылықтар мен кемшіліктерді жоюға баса назар аударылады.

Еңбек қатынастарын басқарудың мемлекеттік саясатын әзірлеу және іске асырудың сыртқы ортасы экономиканы жаһандандыру, ТМД, ЕурАзЕҚ шеңберінде кіріктіру процестерін дамыту, бірыңғай кеден кеңістігін қалыптастыру болып қалып отыр.

Халықаралық әлеуметтік институттардың ұсынымдарын ескере отырып, салыстыру мақсатында еңбек қатынастарының ұлттық стандарттарын анағұрлым дамыған елдердің стандарттарына жақындату, Кеден одағы аясында Қазақстанның, Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының еңбек заңнамасын біріздендіру жұмысы жалғастырылатын болады.

4-стратегиялық бағыт. Халықтың әл-ауқатының артуына жәрдемдесу

Ескерту. 4-стратегиялық бағытқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 № 1813 Қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

Саланы дамытудың негізгі параметрлері

Халық табысының негізгі бөлігі жалақы есебінен қалыптасады.

Соңғы бес жылда жалақының ең төменгі мөлшері 1,7 есе арттырылды (9200 теңгеден 15 999 теңгеге дейін).

Жалпы ел бойынша бір қызметкердің орташа айлық жалақысы экономикалық

қызмет түрлері бойынша (Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша) – 1,9 есе артып, 2010 жылы 77 482 теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларына сәйкес бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы 2006 – 2007 жылдары тиісінше 32 және 30 % артты. Екі рет – 2009 жылы және 2010 жылғы 1 сәуірден бастап бюджет саласы қызметкерлері жалақысының деңгейі 25 % арттырылды және қазіргі уақытта орта есеппен 56 160 теңгені құрайды. Бұл ретте, 2011 жылғы 1 шілдеден бастап 30 % арттырылды.

Азаматтық қызметшілерге жаңа еңбекақы төлеу жүйесі моделінің жобасы әзірленді және мемлекеттік органдар мен кәсіподақтар өкілдерінің талқылауында.

Өнеркәсіптің жеті саласында (тау-кен металлургия, машина жасау, көмір, мұнай-газ, құрылыс, химия, электр энергиясы) еңбекақы төлеудің салалық арттыру коэффициенттері бекітіліп, қолданылуда.

Халық табысының құрамында екінші орынды әлеуметтік төлемдер алады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда нарықтық экономиканың қағидаттарына сәйкес келетін әлеуметтік қамсыздандыру үшін жауапкершілікті мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасында бөлуді көздейтін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің көп деңгейлі үлгісі қызмет етеді.

Әлеуметтік қамсыздандырудың негізі үнемі жаңартылып отыратын ең төменгі әлеуметтік стандарттар болып табылады. 2006 жылмен салыстырғанда:

- 1) ең төменгі күнкөріс деңгейі 7945 теңгеден 15999 теңгеге дейін артты;
- 2) базалық әлеуметтік төлемдерді ескергендегі ең төменгі зейнетақының мөлшері – екі еседен артық өсті (9700-ден 24047-ге дейін).

Мемлекет басшысының тапсырмаларына, "Нұр Отан" ХДП халықтық тұғырнамасы әлеуметтік бағдарламасының негізгі ережелеріне және Үкіметтің 2009 – 2010 жылдардағы іс-әрекет бағдарламасына сәйкес зейнетақы төлемдері жыл сайын 25 %, ал 2011 жылдан бастап – 30 %; әлеуметтік төлемдер 2010 жылы 9 %, 2011 жылы – 7 % көбейтілген болатын.

Осы арттырулар мен ЖЗҚ төленетін төлемдерді ескергенде, жиынтық зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері 01.01.2011 ж. 29,4 мың теңгені құрады.

Әлемдік тәжірибеде зейнетақымен қамсыздандыруды ұйымдастыру өлшемдерінің бірі зейнетақы мөлшерінің еңбек қызметі кезеңінде алатын табыстарға барабарлығы болып табылады.

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін жүйелі арттыру қарт азаматтардың өмір сүру деңгейін жақсартуға және ТМД елдері арасында зейнетақымен қамсыздандырудың ең жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2010 жылы базалық және ынтымақты зейнетақы төлемдерінің есебінен жиынтық табысты алмастыру коэффициенті 43,0 %-ды құрады, бұл ХЕҰ ең төменгі нормаларынан асады (40 %-дан кем емес).

Алмастыру коэффициенті еларалық салыстыруда былайша көрініс тапқан:

экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) елдері бойынша – орта есеппен 56-57 %, ЕО елдерінде – шамамен 50 %, ЭЫДҰ-ға кіретін қалыптасатын нарықты таңдау бойынша – орта есеппен 52 %, Ресей Федерациясында – 35 %.

Қызметкерлердің міндетті жинақтаушы зейнетақы жүйесіне (бұдан әрі – ЖЗЖ) және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуы кең етек алуда. ЖЗЖ-ға қатысушылар саны 01.01.2011 ж. жағдай бойынша 5469,1 млн. адам болды, ал ЖЗЖ-дағы зейнетақы жинақтары 2346,5 млрд. теңгеден асты. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың саны 6 миллионға жақындады, ал МӘСҚ активтері 235,7 млрд. теңгеден асты, МӘСҚ-тан төленетін әлеуметтік төлемдер 2010 жылы орта есеппен 33632 теңгені құрады.

Сонымен қатар, Қазақстанда халықтың табысы аз бөлігін қамтитын әлеуметтік көмек жүйесі қызмет етеді. Ол әлеуметтік төлемдер (арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар, атаулы әлеуметтік көмек, күнкөрісі төмен отбасылардағы 18 жасқа толмаған балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар, тұрғын үй көмегі және т.б.) түрінде көрініс табады.

Атаулы әлеуметтік көмек және қолдау жүйесімен қазіргі уақытта бір миллионнан астам қазақстандық қамтылған.

Негізгі проблемаларды талдау

Қабылданған шараларға қарамастан, Қазақстан Республикасында өмір сүру деңгейі анағұрлым дамыған елдердегі деңгейден қалыңқы.

Еңбекақы төлеуде салалық және өңірлік саралау сақталуда, бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы оның жалпы алғанда экономика бойынша деңгейінен айтарлықтай артта қалып келеді. Еңбекке ақы төлеудің оның нәтижесіне байланыстылығы бұзылған – жалақының өсу қарқыны еңбек өнімділігінің өсу қарқынынан озық.

Ең төменгі жалақы стандарттары жетілдірілмеген. Қазіргі уақытта ең төменгі жалақыны айқындаудың әдістемесі жоқ. Заңнамалық деңгейде айлық жалақының ең төменгі мөлшерін белгілеудің негізі жалпы Қазақстан Республикасы бойынша айқындалатын және инфляцияны ескере отырып, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін ең төменгі күнкөріс деңгейі болып табылады. 2011 жыл бойынша ең төменгі жалақының мөлшері бойынша ТМД елдері арасында Қазақстан Ресей, Украина, Әзірбайжан, Беларусьпен кейін 5 орынға ие.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде әлеуметтік төлемдердің алдыңғы табыстарға және елдегі өсіп отыратын өмір сүру деңгейіне барабар келмеуі негізгі проблема болып табылады.

Осының салдарында елде кедейлік сақталған. Кедейлікке бірінші кезекте, көп балалы отбасылар мен ауыл тұрғындары ұшырайды; жұмыс істегеніне қарамай кедей адамдар бар.

Кедейлік табыс деңгейінің әртүрлілігі мен айтарлықтай айырмашылығына

байланысты одан әрі тереңдей түседі.

Әлеуметтік көмек жүйесінде шешімін талап ететін проблемалар ретінде мыналар сақталуда:

1) әлеуметтік көмек және қолдау көрсетуді ұйымдастыру тиімділігінің төмендігі мен жүйеліліктің болмауы;

2) табысы аз адамдардың еңбек қарымын жандандыру әдістерін жеткілікті пайдаланбау.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2011 жыл бойынша табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 5,3 %-ды (қалалық жерде – 2,4 %-ды, ауылдық жерде – 8,8 %-ды) құрайды.

Сонымен бірге, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі Беларусьта – 6,1 %, Ресейде – 12,8 %, Украинада – 24,0 % құрайды.

Әлеуметтік көмек жүйесінде көрсетілген проблемалардың болуы әр түрлі себептерге байланысты. Объективті түрде олар макроэкономикалық жағдайға, қаржы-экономикалық мүмкіндіктер мен жалпы мемлекеттік және өңірлік ауқымдағы басымдықтарға байланысты. Субъективті тұрғыдан - әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің жетілмеуімен, кедейлік шеңберінен өз бетінше шығу үшін халықтың нысаналы топтары мен мүмкіндіктері шектеулі адамдардың басым бөлігінің еңбекке ынталылығының төмендігімен байланысты.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Тұрақты макроэкономикалық жағдай, халықаралық ынтымақтастықпен байланысты басымдықтарды пайдалану мүмкіндігі, әлеуметтік қатерлерді басқару жүйесін жетілдіру – заманның негізгі талаптарына жауап беруге тиіс және халықтың әл-ауқатының артуын қамтамасыз ететін орта болып сақталып отыр.

Халық табысында жалақының ерекше маңызы сақталатын болады. Алдағы уақытта:

1) еңбекақы төлеу мәселелерін ұжымдық-шарттық қатынастар жүйесіне қосуға қол жеткізу;

2) ЕТЕС белгілеу тәжірибесін кеңейту;

3) жалақының еңбек өнімділігі мен қызметтің түпкілікті нәтижесіне байланыстылығын қамтамасыз ету;

4) азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделін жасап, енгізу қажет.

Азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесін реформалау шеңберінде:

1) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 № 1813 Қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі);

2) функционалдық-блоктық тәсілге негізделген лауазымдардың жаңа тізбесі және лауазымдарды бөлудің негізгі өлшемдері қалыптастырылады;

3) лауазымдық жалақыны есептеу үшін коэффициенттердің жаңа торы енгізіледі;

4) еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылардың қолданыстағы

жүйесі

оңтайландырылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі мен әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржылай тұрақтылығын күшейтудің маңызды факторы әлеуметтік заңнаманы жаңарту болып табылады.

Аталған факторларды іске асыру Министрліктің халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі жұмысының негізі болуға тиіс.

Экономикалық тұрақтандыру және индустриялық-инновациялық дамуға көшу экономикалық өсуді маңызды әлеуметтік проблемаларды және ең алдымен, кедейлік проблемасын шешуге пайдалану мүмкіндігін кеңейтеді.

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асыру барысында шартты әлеуметтік көмек пен қолдаудың жаңа нысандары енгізілетін болады. Жұмыспен нәтижелі қамтуға қолжетімділікті кеңейту және кедейлікті төмендету мәселелерін кешенді шешу әлеуметтік көмек пен қолдауға мұқтаж адамдар тобын қысқартуға және оның атаулылық сипатын күшейтуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде әлеуметтік көмек пен қолдау механизмін жетілдіру жалғастырылатын болады. 2011 – 2012 жылдары пилоттық зерттеулердің негізінде халықаралық тәжірибені ескере отырып, атаулы әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетудің түрлері мен нысандарын оңтайландыру жүзеге асырылады, барлық өңірлер үшін оны көрсетуге әмбебап және бірыңғай талаптар қалыптастырылады.

Әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізу барысында (2011 жылдан бастап) әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетуге мониторинг жүргізу үшін жаңа мүмкіндіктер жасалатын болады.

5-стратегиялық бағыт. Халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын әлеуметтік қолдаудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

Саланы дамытудың негізгі параметрлері

Қазақстан Республикасында, кез келген басқа елдердегі сияқты халықтың белгілі бір бөлігі – қарт адамдар, мүгедектер және халықтың нысаналы топтарының өзге де өкілдері ерекше әлеуметтік қолдауға мұқтаж. Ол арнаулы әлеуметтік қызметтер түрінде көрініс табады.

Әлеуметтік қолдауды ұйымдастыруда жергілікті мемлекеттік басқару органдарының рөлі артып, өкілеттіктері кеңейеді. Азаматтық қоғам өкілдерімен әріптестік дамиды, қайырымдылық өседі.

Кедейлікті жеңілдету және өмір сапасын арттыру үшін арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету белсенді пайдаланылады. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (2008 жылы қабылданды) сәйкес қиын өмірлік жағдайда жүрген адамдарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттыру

шаралары қабылдануда. Заңды іске асыру үшін қиын өмірлік жағдайда жүрген адамдарға әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдануда. 2010 жылы елде 106 медициналық-әлеуметтік ұйым қызмет етті, олар 20,6 мың адамға, оның ішінде 4,4 мың балаға қызмет көрсетеді.

Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттары(психоневрологиялық патологиясы бар балаларға арналған – 2009 ж., 18 жастан асқан психоневрологиялық ауру адамдарға арналған – 2010 ж., тірек-қимыл аппараты бұзылған қарттарға, мүгедектер мен балаларға арналған – 2011 ж., белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар үшін 2012 жылдан бастап жоспарлануда) әзірленіп, кезең-кезеңмен енгізілуде. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттары әмбебап сипатқа ие, оны мемлекет, жеке және үкіметтік емес сектор енгізе алады. Стандарттар стационар, жартылай стационар және үйде күту жағдайында мемлекеттік, жеке және үкіметтік емес секторларда іске асырылады.

Әлеуметтік қызмет көрсетуде бәсекелес орта қалыптасуда.

Әлеуметтік қолдау көрсетуде мүмкіндіктері шектеулі адамдарға ерекше көңіл бөлінеді. "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік деңгейде мүгедектерді медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалтудың кешенді шаралары әзірленді. Тегін кепілді медициналық көмек көрсету, әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру, білімнің, ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету, денсаулық жағдайын ескере отырып қызмет түрін еркін таңдау, кәсіптік даярлау және қайта даярлау, еңбек ету қабілетін қалпына келтіру және жұмысқа орналасуына жәрдемдесу мүгедектердің қоғам өміріне қатысуына тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

Мүгедектердің құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды кезең-кезеңмен имплементациялау ниетін растай отырып, Қазақстан 2008 жылы Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және оның Факультативтік хаттамасына қол қойды.

Негізгі проблемаларды талдау

Халықты әлеуметтік қолдау жүйесінде шешімін талап ететін маңызды проблемалар ретінде мыналар сақталып отыр:

- 1) мұқтаж адамдардың әлеуметтік қолдаумен жеткілікті қамтылмауы;
- 2) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді стандарттаудың аяқталмауы;
- 3) мүмкіндіктері шектеулі адамдарға ұсынылатын оңалту қызметтері тиімділігінің төмендігі;
- 4) арнаулы әлеуметтік қызметтердің тізбесі мен сапасының мүгедектердің сұраныстары мен жеке кемістіктеріне толық сәйкес келмеуі;
- 5) әлеуметтік қызмет көрсетудің балама түрлері мен арнаулы әлеуметтік қызметтер нарығындағы бәсекелес ортаның жеткіліксіз дамуы.

Халықты әлеуметтік қолдау жүйесінде осы және басқа проблемалардың болуы әр

1. Әлеуметтік қолдау жүйесімен қамтылған балалардың үлес салмағы:	ресми деректер	%	73,9	70,1	76,2	80,4	79,6	81,5	82,1		
1) бір жасқа дейінгі балалар (тиісті жылда туылған балалар санына қатысты)											
оның ішінде МӘСҚ-тан әлеуметтік төлемдермен қамтылған			33,6	34,6	37,3	39,5	38,0	40,5	40,9		
2) 18 жасқа дейінгі балалар (балалардың жалпы санына қатысты)			15,2	14,6	14,1	13,5	12,9	13,8	13,7		
1.1.1-міндет. Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау											
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	өлшем бірлігі %	есепті кезең		жоспарлы кезең						
			2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10		
1. Мемлекеттік жәрдемақылардың орташа мөлшері (өткен жылмен салыстырғанда):	ресми деректер	%	111	145,4	107	107	107	107	107		
- баланың тууына байланысты											
- бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша			111	132,7	107	107	107	107	107		
- күнкөрісі төмен отбасылардағы 18 жасқа дейінгі балаларға арналған			111	109	107	107	107	214	107		
1. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша МӘСҚ-тан берілетін әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері (өткен жылмен салыстырғанда)	ресми деректер	%	102,3	134,7	108	108	108	214	107		
Тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар							2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
1. Ана мен баланы әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту:											
а) Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда МӘСҚ-тан берілетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру негізінде;			x		x						
б) мынадай ұсыныстарды әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу:					x						
балалы отбасыларға әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау шарттарын өзгерту және толықтыру бойынша (шартты төлемдерге ауысу) және							x				
- әлеуметтік төлемдердің өзге түрлерін оңтайландыру есебінен күнкөрісі төмен отбасылардағы 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақыларды арттыру.								x	x		
2. Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшерін арттыру			x	x	x	x	x	x	x		
3. Жұмыс істейтін әйелдерді әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтуды кеңейту жүктілігі мен босануына байланысты табысынан айрылған жағдайда, бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша)			x	x	x	x	x	x	x		
2-стратегиялық бағыт. Жұмыспен нәтижелі қамтуға жәрдемдесу											
2.1-мақсат. Халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру											
Аталған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 001, 008, 012, 014, 015, 019, 028, 121, 128, 145											
Нысаналы индикатор	Ақпарат көзі	өлшем бірлігі	есепті кезең		жоспарлы кезең						
			2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.		

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Жұмыссыздық деңгейі	статдеректер	%	6,6	5,8	5,8	5,8	5,2	5,1	5,0
2. Әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі	статдеректер	%	7,5	6,7	6,7	6,7	6,6	6,3	6,2
3. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі	статдеректер	%	6,7	5,2	5,2	5,2	5,1	5,1	5,0
4. «Әйелдердің жұмыс күшінде алатын орны» көрсеткіші бойынша Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінің (БЖИ) позициясы:	стат. деректер	позиция	19	22	19	19	24	23	22
2.1.1-міндет. Еңбек ресурстарының сапасын арттыру									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	өлшем бірлігі	есепті кезең		жоспарлы кезең				
			2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Кәсіптік оқуға жіберілген адамдардың үлес салмағы (халықты жұмыспен қамту органдарына өтініш білдірген адамдар қатарынан)	р е с м и деректер	%	11	11,5	20,0	25,0	-	-	-
2. Жұмыспен қамту 2020 жол картасына (ЖЖК 2020) қатысушылар қатарынан қайта даярлаумен және біліктілікті арттырумен, кәсіпкерлік негіздерін оқытумен қамтылған адамдардың үлес салмағы	р е с м и деректер	%	-	-	-	-	21,2	21,7	22,2
Тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар							жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі		
							2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
1. Ағымдағы бос жұмыс орындары мен болжамды жұмыс орындарының жалпыұлттық дерекқорын қалыптастыру					x	x	x	x	x
2. Кәсіби стандарттарды әзірлеуге қатысу					x	x	x	x	x
3. ЖЖК 2020 және өңірлік бағдарламалар шеңберінде кәсіби оқытудан өтетін адамдарға мемлекеттік қолдау көрсету					-	-	x	x	x
2.1.2-міндет. Жұмыссыз, өз бетінше жұмыспен айналысушылар мен табысы аз адамдардың белсенділігін арттыру									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	өлшем бірлігі	есепті кезең		жоспарлы кезең				
			2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
1. Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасына қатысу мәселесі бойынша өтініш білдіргендер қатарынан бағдарламаның іс-шараларымен қамтылған азаматтардың үлесі	р е с м и деректер	%	-	-	75	76	-	-	-
2. ЖЖК 2020 қатысу мәселелері бойынша өтініш білдіргендер қатарынан бағдарламаның іс-шараларымен қамтылған азаматтардың үлесі	р е с м и деректер	%	-	-	-	-	92	92,2	92,4
3. ЖЖК 2020 қатысу мәселелері бойынша өтініш білдіргендер қатарынан бағдарламаның іс-шараларымен қамтылған әйелдердің үлесі	р е с м и деректер	%	-	-	-	-	46	46,5	47
4. ЖЖК 2020 қатысу мәселелері бойынша өтініш білдіргендер қатарынан бағдарламаның		%	-	-	-	-	55	55,5	56

іс-шараларымен қамтылған 29 жасқа дейінгі жастардың үлесі	р е с м и деректер									
5. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы санынан өнімді жұмыспен қамтылғандардың үлесі	р е с м и деректер	%						58,3	61,4	64,6
Тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі				
						2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
1			2	3	4	5	6			
